

**Т.Айтжанов атындағы жалпы білім беретін мектебінде
Қамқоршылық кеңес мүшелерінің кезекті отырысының
Хаттама**

Қатысқандар:

1. Мектеп директоры –
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
3. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
4. Қамқоршылық кеңес мүшелері – 9
5. хатшы

Барлығы: 14 адам

Күн тәртібі

1. Мектептің Қамқоршылық кеңес алдында 2024-2025 оқу жылына арналған қорытынды есебі
2. 2024-2025 оқу жылы барысында мектеп ұжымы оқу тәрбие процесі сапалы ұйымдастыру, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және білім сапасын жақсарту бағытында кешенді жұмыстардың жүргізілуі.

Тыңдалды:

Сөз алған мектеп директоры: Қ.Байтишев оқу жылының қорытындылануы жыл бойы атқарылған жұмыстарға тоқталып, жетістіктеріміздің нәтижелерін айта келіп және алдағы оқу жылына арналған жоспарлауды жақсартуды, оқу-тәрбие жұмысын күшейтуді және мектептің жалпы бағдарламасын одан әрі дамытуға бағытталған жұмыстарды жалғастыру керектігін айтып өтті.

1. Келесі сөз кезегін алған директордың оқу жұмысы орынбасары Д.Бердібекова. 2024-2025 оқу жылында оқу үлгерімін 100%, білім сапасы 58 % аяқтады. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарынан өтуі, семинарлар мен тренингтерге қатысуы ұйымдастырылды. Оқушылардың пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобалар конкурстарына, республикалық және облыстық байқауларға қатысуы қамтамасыз етілді. Нәтижесінде 83 орынды иеленді.

2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары өз кезегінде: М.Ибрагимов. Жыл бойы жалпы мектептік: мәдени, спорттық

патриоттық, шығармашылық іс-шаралар өткізілді. «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымдары және сынып жетекшілерімен бірлесе тәрбие жұмысы нығайтылды. Оқушылардың құқық бұзушылық профилактикасы, ерте жүктіліктің алдын алу, буллингке қарсы жұмыстар күшейтілді. Ата-аналармен байланыс, жиналыстар, ашық есік күндері жүйелі жүргізілді. Мектептің бейнебақылау жүйесі, өрт қауіпсіздігі, кіру-шығу тәртібі тексеріліп, қажетті түзетулер енгізілді. Медициналық кабинет жұмысы, алғашқы көмек қоры, санитарлық талаптардың орындалуы бақылауда болды. Оқушылардың тамақтануы мен асхана жұмысы бойынша бракераж комиссиясы мен Қамқоршылық кеңеспен бірлескен мониторинг жүргізілгендігін атап өтті.

Әлеуметтік қолдау жұмысы бойынша әлеуметтік педагог :
С.Шегенова өз ойын айтып өтті.

Әлеуметтік жағдайы төмен, көп балалы және ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар есепке алынып, қажетті көмек көрсетілді.

«Мектепке жол», «Қамқорлық», «Жақсылық жаса» акциялары ұйымдастырылып, 74 оқушыға қаржылай көмек көрсетілді, 31 оқушы киім-кешекпен қамтамасыз етілді. Оқушыларды мектеп формасымен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге демеушілер тартылды.

Мектептің кабинеттерін жөндеу, жаңарту және қажетті жабдықтармен қамту жұмыстары жүргізілді. Кабинеттер жөнделді, жаңа құрал-жабдықтар сатып алынды. Аумақтар абаттандырылды.

Шешімі:

Кеңес тарапынан берілген ұсыныстар дер кезінде қаралып, жүзеге асырылды.

Асхана, санитарлық жағдай, қауіпсіздік материалдық – техникалық қамтамасыз ету бойынша тұрақты бақылау жүргізілді.

Бірқатар мәселелер кеңес отырыстарында талқыланып, шешім қабылданды.

2024-2025 оқу жылында мектеп ұжымы, ата-аналар қауымы және Қамқоршылық кеңестің бірлескен жұмысының арқасында оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру, қауіпсіз орта қалыптастыру және оқушыларды жан-жақты қолдау бағытында елеулі нәтижелерге қол жеткізді.

Мектеп алдағы оқу жылында да Қамқоршылық кеңеспен тығыз байланыста жұмыс істеп, білім сапасын жақсартуға бағытталған жобаларды жалғастыруды жоспарлайды.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы: *С. Айтбаев*
Кеңес хатшысы: *С. Шегенова*



